



# Мен жастарға сенемін!

**Алаш қайраткері, ақын, педагог, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына орай қалалық клубтар мен үйірме оқушылары арасында «Мен жастарға сенемін!» тақырыбында көркемсөз оқу байқауы өтті.**

Мәнерлеп оқу байқауында оқушылардың таланттары бірінен бірі асып, байқау қонақтары мен әділқазылар алқасының көңілдерінен шыға білді.

Сарапшылар үміткерлердің өнерін бағалау кезінде олардың көркем мәтінді оқу шеберлігіне, дауыс мәнеріне және тіл тазалығына, көркем мәтінді таңдау талғамына, сахналық және оқу шеберлігіне, сондай-ақ, сахналық киім мәдениетіне баса назар аударды. Байқау қорытындысы бойынша ортаңғы топта: I орынды – «Тоғызқұмалақ» үйірмесінің оқушысы Жібек Жылқыбай, II орынды – «Тоғызқұмалақ» үйірмесінің оқушысы Ерхан Бекет, III орынды – «Көңілді ба-

лалар» қуыршақ үйірмесінің оқушысы Жанель Төлеухан және «Жас техник» үйірмесінің оқушысы Ерасыл Қайыржан иеленді. Ал, кіші буын арасында: I орынды – «Жас құқық қорғаушы» клубының оқушысы Нұрасыл Киікбай, II орынды – «Шамшырақ» үйірмесінен Әлинұр Қабдрахман, III орынды – Отбасылық «Жанұя» клубының оқушысы Жансұлтан Ерланұлы мен «Шамшырақ» үйірмесінің намысын қорғаған Нұрай Киікбай жеңіп алды.

Әділқазылар алқасының төрағасы, Арқалық қаласындағы дала өлкесі тарихи облыстық мұражайының ғылыми қызметкері Батырлан Сағынтаев байқаудың қызықты әрі тартысты болғанын айта келіп, оқушылардың кітап әлемінен қол үзіп бара жатқан шақта әдеби әлеммен қауыштыратын мұндай байқаулар қажет екенін тілге тиек етті. Жеңімпаз деп танылған барлық үміткерлер орталықтың мадақтамасымен және естелік сыйлықтарымен марапатталды.

**Ерлан АБДУАЛИЕВ,  
ҚББО ұйымдастырушысы**